


ӨМІРДЕРЕК


*Белгілі жазушы Қалихан
Ысқақов 1935 жылы
Шығыс Қазақстан
облысы, Катонқарағай
ауданы, Топқайың
ауылында туған.*



✓ **1972 жылдан Қазақстан Жазушылар одағының аппаратында істейді. Қ. Ысқақовтың творчестволық қызметі 1957 жылдан басталды. Ол бірнеше әңгіме, повесть, романдардың, драматургиялық киносценарийлердің авторы.**



- «Менің араларым» (1965)
- «Бұқтырма сарынын» (1967)
- «Тұйық» (1975) романын ,
- «Қара орман» (1980)
- «Ақсу — жер жаннатына» (1989)



Қалихан
Ысқақ



Менің ағаларым



❖ *Сатылай кешенді талдау*

○ *Авторы жазушы Қалихан Ысқақов әңгіме, повесть, романдардың , драматургиялық киносценарийлердің авторы. «Тұйық», «Ақсу — жер жаннатына» сынды кітаптардың авторы.*

○ *Тақырыбы* ағайын арасындағы араздықты әшкерелеу.

○ *Жанры* проза. Проза қара сөзбен жазылған көркем шығарма (әңгіме, повесть, роман)

○ *Идеясы* ағайындар арасындағы күндестік, бақ таластып пен араздықты әшкерелеу

Шығарманың композициялық құрылымы:

Кіріспе бөлімі: қарапайым отбасындағы үш бірдей ұлдың мінезі, болмысы сөз болады.



Негізгі бөлім: үлкен ұлы Жанымханның ақша құмарлығы, колхоз малын меншіктенуі .


Шиеленісуі: Жанымханның ақша соңына түсіп, Семейге бет алуы.

Қорытынды: байлықтың лебімен тәккапарлып, жақынын жат көрген Жанымханның түбі азып-тозып шаңырағына оралуы.

Көлемі он жеті бет. Мың тоғыз елу алты

Әдеби теориялық ұғымдар

Метонимия ауыстыру, (қайтадан атау). Әлгі құдай атқыр, желік суын ішіп ішіп мас болып келеді.



○ **Суреттеу портрет.** Жазушы бұларға қоса әңгіме кейіпкерлерінің кескін-келбетін, жүріс-тұрысын, киген киім-кешегін де сөз етеді. Бұлайша, шығарма кейіпкерлерінің тұр-тұлғасын суреттеу портрет деп аталады. Азып тозған, үсті басы жыртылған. Аяғында баяғы сол жұлығы арсизан көн етік, жарғақ шалбар.

Гипербола — күшейту. Сипат белгілері үлкейтіліп көрсетілу. Анам екі көзі төрт болып жол тосумен әлек.

○ **Түсіндірме сөздік жарғақ шалбар** бел тұсы қапсырылған, балағы кең, ышқыры бітеу, атқа мініп түсуге ынғайлы етіліп тігілетін киім.

○ **Тәрбиелік мәні** ағайын туыс араныдағы араздықтың азғындыққа алып келерін ұғындыру. Оқырманды мұндай аш көздіктен аулақ болуға шақыру.

ӨМІРДЕРЕК


Рафаэль Ниязбеков -

*1943 жылы 24
наурызда Жамбыл
облысы, Талас
ауданының қазіргі
Тамабек ауылында
дүниеге келген*






✓ 1967 жылы Қазақ радиосы әдебиет редакциясында ,1971 — 1977 жж. «Жұлдыз» журналында, 1977—1991 жж. «Жазушы» баспасында редактор болып істеген.



- Қаратау мен Алатау. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1971;
- Темірқазық. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1973;
- Жалын кешкен. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1975;
- Жер жанары. Өлеңдер



❖ Жесір

- Табиғат, болмысың тастай жалған,
- Ол бірақ тіршілігін бастай алған.
- Жасынан жетім өсті,
- Айта берсең,
- Сол келін күйеуден де жастай қалған.
- Жалғыздың үні солай естілмейді,
- Ол үшін өткен күні ескірмейді.
- Қайғысын көтеріп ап кетер еді,
- Сәбиі әттең әзір ес білмейді.

❖ Сатылай кешенді талдау

- *Авторы Рафаэль Ниязбеков, Қазақ радиосы әдебиет редакциясында, «Жұлдыз» журналында, «Жазушы» баспасында редактор болып істеген. Қаратау мен Алатау, Темірқазық сынды кітаптардың авторы.*
- *Тақырыбы жетім өсіп, жесір қалған әйел күйі*
- *Жанры поэзия(өлең). Өлең дегеніміз- белгілі бір өлшеммен қиыннан қиыстырылып, үйлесімді ырғақпен ұйқасып келетін өрнекті сөз жүйесі.*
- *Идеясы “ол үшін өткен күні ескірмейді” жүрегінде қатқан жараның ауырлығын, іші күйін ұғындыру.*
Шумақ-аяқталған синтаксистік тіртұтас ой. 2 шумақты
Тармақ-өлеңнің әр жолы. 9 тармақты
Бунақ — белгілі дауыс ырғағымен бөлінуі. 3 бунақты

Буын саны — дауысты дыбысқа байланысты. 11 буынды.

Ұйқас түрі қара өлең ұйқасы (а-а-б-а) Ұйқас-өлең мазмұнымен тамырлас келіп, оған ерекше саз, әуен беретін өле тармақтарындағы сөздер үндестігі.

○ *Әдеби теориялық ұғымдар*

○ *Метонимия ауыстыру, (қайтадан атау).*



Қайғысын көтеріп ап кетер еді,

Сәбиі әттең әзір ес білмейді.

○ *Теңеу ұқсату.*

Табиғат, болмысың тастай жалған,

Ол бірақ тіршілігін бастай алған.






ӨМІРДЕРЕК
Жәркен Бөдешұлы
1944 жылы 15
мамыр да туған.
ҚазМУ-дің
журналистика
факультетін
бітірген.



✓ Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығында бөлім меңгерушісі болған. Қазір Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының әдеби кеңесшісі.




- Көкше құрақ. «Жалын», 1979;
- Қос қанат. «Жазушы», 1982;
- Зейін. Өлеңдер мен поэмалар. «Жалын»,
- Аспан даусы. Өлеңдер мен поэмалар.
«Жазушы»,
- Нұрлы бояулар. «Жалын», 1988;
- Жұлдызға орнын ай бермес. «Сөзстан»,
1996;




◆ *Несие*

Бұйырса,
Бұл да несібең.
Ақша бәрін шешеді.
(Солай демей не дейік)
Банкіден алған несиен,
Балаңнан бұрын өседі,
Балаңнан бұрын көбейіп.



Аламан сауда жан-жағың.
Күнелтесің құм санап.
Несиеннің қалғанын –
Немерең берсе
Бұл сауап.

Қарыздың тартып азабын,
Жүрегің сыздап аһ ұрса.
Бақыт деп біл ажалың,
Соттан бұрын шақырса...

The bottom right corner of the slide features several decorative purple concentric circles of varying sizes, resembling ripples in water or stylized patterns.

Қарызсыз кірсең көріңе,
Жанарыңды ыстық жас шайып.
Пейіштің байтақ төріне,
Отырдым дей бер қасқайып.

